

**Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебі бойынша
тамақтанудың сапасына мониторинг АКТ
қорытындысы.**

11.09.2024жыл

«Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылы 31 қазандағы № 598 бұйрығы негізінде тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу мақсатында арнайы комиссия құрылып, ағымдағы жылдың 11 қыркүйек күні мектеп асханасының жұмысына зерделеу жүргізілді.

Тамақтанудың сапасына мониторинг жүргізуін, мектеп асханасының талапқа сай жұмыс істеуін бақылау зерделеу жүргізгендер:

- | | |
|------------------|---|
| 1. Қ.Қалиев | мектеп директоры, комиссия төрағасы |
| 2. Г.Байділдаева | ДТЖО, комиссия төрағасының орынбасары |
| 3. М.Әлиев | ата-аналар комитетінің төрағасы (келісім бойынша) |
| 4. А.Молжігітова | қамқоршылық кеңес төрайымы (келісім бойынша) |
| 5. О.Балабеков | мектеп медбикесі (келісім бойынша) |
| 6. Ұ.Әділбекова | әлеуметтік педогог |
| 7. А.Ешенқұлова | сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі |

Басшылыққа алынған критерийлер:

1. Мектептегі жетім, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасы балаларының бекітілген кестеге сәйкес тамақтануы.
2. Орта білім беру ұйымының медицина қызметкері, күн сайын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасына оргонептикалық бағалау жүргізілуі
3. Мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жасауы, тамақтың бекітілген ас тамақтану кестесі бойынша күнделікті асханада тамақтануы өз дәрежесінде қалыптасуы
4. Асхананың, ас сақтайтын қойманың тазалығы, ыдыстардың шеті сынбаған, таза болуы

Зерделеу нәтижесі төмендегідей анықталды

Қазіргі таңда мектебіміздің 5-11 сынып аралығындағы жеңілдік санатындағы 20 және 1-4 сынып оқушыларынан жергілікті бюджет қаражаты есебінен құрылған кестеге сәйкес 48 оқушы тегін ыстық тамақпен тамақтанады.

Мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жасайтынын байқадық. Осы тұста ас дайындау блогын тексере келе көкөністерді салатын арнайы жәшіктердің болуы, керек екеніне ескерту айтылды. Асхана тазалығы таза, ыдыстары сынбаған.

Асхана жұмысын «БЕНД Стойсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Е. Әбілпаттаев жүргізуде. Аспазшы М. Тәңірбергенова арнайы білімі бар. Аталған қызметкер уақытылы медициналық тексерістен өтіп, 2024 жылға жұмысқа рұқсаттамалары бар.

Асханада «Ас адамның арқауы» қалқаны ілінген, асхана жаңа заманға сай безендіріліп, жабдықталған. Қалқанда күнделікті ас мәзірі/қазақ тілінде/, мұғалімдер кезекшілігі, оқушылардың тамақтанатын уақыты ілінген.

Асхана тазалығы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай. Мектеп оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы және асхана жұмысы қанағаттанарлық.

2024 жылдың 11 қыркүйек күнгі тексеру кезінде ас мәзірі: Қаймақ қосылған сүйек сорпасындағы (Рассольник), ет қосылған күріш, қара бидай наны, пастерленген сүт, жеміс қосылған сүзбе, жемістер, қапста салаты берілді.

Бұл күнгі оқушыларға берілетін тамақ ас мәзіріне сәйкес әзірленген. Орта білім беру ұйымының медицина қызметкері күн сайын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бракераж журналына жазу арқылы дайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізілген.

Мониторинг барысында құқық бұзушылықтар мен кедергілер орын алған жоқ

Ұсыныс:

5. Мектеп оқушыларының тамақтану барысы сынып жетекшілер тарапынан күнбе – күн қадағалансын;
6. Асхана жұмысы комиссия мүшелері тарапынан үнемі бақылансын;

Шешім:

1. Тамақтандырудың сапасы қанағаттанарлық деңгейде;
2. Асхананың тазалығы санитариялық-эпидемиологиялық талапқа сай;
3. Асхана қызметкері санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтайды;
4. Табылған кемшілік жөнінде жеке кәсіпкер Е. Әбілпаттаевқа, үш жұмыс күнінде жою ескертілді.

Комиссия төрағасының, мүшелерінің қолдары:

1. Қ.Қалиев мектеп директоры, комиссия төрағасы
2. Г.Байділдаева ДТДЖО, комиссия төрағасының орынбасары
3. М.Әлиев ата-аналар комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
4. А.Молжігітова камқоршылық кеңес төрайымы (келісім бойынша)
5. О.Балабеков мектеп медбикесі (келісім бойынша)
6. Ұ.Әділбекова әлеуметтік педогог
7. А.Ешенқұлова сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі